# SHÁKÁRIM SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №8 (132) қыркүйек


## *Құрметті әріптестер!*

Сіздерді сары күздің салиқалы сағынышындай боп келген ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Өмірдің тұтқасы ғылым мен білімде жатыр. Білім нәрін себуші ұстаз – қай уақытта да біздің қоғамымыздағы ең құрметті адамдардың қатарында. Шәкірттерінің бойына Шәкәрім айтқан Ар білімін сіңіріп, рухани зияткерлігін арттыруға бағытталған қызметтеріңізде табысты болыңыздар.

Дендеріңізге саулық, қызметтеріңізге толағай табыс, шәкірттеріңізге әрдайым биік тұғырдан көрінетін шынайы абырой тілеймін!



## *Уважаемые коллеги!*

От всей души поздравляю Вас с профессиональным праздником – Днем учителя!

Профессия учителя во все времена была и остается одной из самых благородных и почитаемых. Именно педагог является носителем духовного и нравственного начала, щедро делится своими знаниями, воспитывает высокие моральные и общечеловеческие качества, помогает молодежи найти свой путь в жизни, учит самостоятельно мыслить, созидать и творить.

Благодарю Вас за Вашу мудрость, профессионализм, душевную щедрость, преданность своему делу, доброту, чуткое отношение и понимание!

В этот замечательный день желаю Вам крепкого здоровья, творческого вдохновения, неиссякаемой энергии, удачи во всех начинаниях, профессиональных побед, благополучия и счастья!

***Ізгі ниетпен,***
***Басқарма төрағасы – Ректор***
***Бауыржан Аманкелдіұлы***

## Осы санда



ДЕЛЕГАЦИЮ ИЗ ПОЛЬШИ ПРИНЯЛ УНИВЕРСИТЕТ ШАКАРИМА

7-стр



Педагогика ғылымдарының докторы, профессор МОЛДАЖАНОВА ӘСЕМГҮЛ АЛЕКСАНДРҚЫЗЫНА арналған бет



«ТАБИҒАТ ЖӘНЕ МЕН» АТТЫ КӨРМЕ АШЫЛДЫ

9-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖОЛДАУЫ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚ




ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын мұқият тыңдадым. Әр жолдауда адам құқығы қалыс қалған емес. Бұл Жолдауда да ол: «Адам құқын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды. Мен үшін бұл мәселенің мәні зор»-деп атап көрсетті. Сонымен қатар Жолдауда «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасына да тоқталды.

Адам құқығы – адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтан да әрбір адам өзінің де, басқаның осы құндылығын бағалай білу және оған ешқандай да зиян келтірмеу керек. Бұл салада елімізде жасалып жасалған шаралар аз емес. Қазіргі уақытта азаматтар «Сандық Қазақстан» бағдарламасы аясында өз құқықтарын қорғауда барлық мүмкіндіктерге ие, мысалы, басқа жерде бола тұра сот отырысы залымен бейнеконференц байланысы арқылы қосылып, тыңдалуына, сондай-ақ, өзі де сот процесінде не болып жатқанының барлығын естуге мүмкіндігі бар. Бүгін мобильдік технологиялар бізге әрі қарай дамуға мүмкіндік береді. Осы саладағы негізгі бағыттарды дамытуға өз тарапымыздан үлесімізді қосамыз деп сенемін. Құқықтық мәдениетті арттыру да «Әділетті мемлекет» құрудың бір жолы деп санаймын.

***Н.С.ГАЗИЗОВА***
***Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор***

# СЛОВО УЧЁНОГО




Качественное образование – один из главных приоритетов

Послание Президента страны – это программный документ, в котором отражены все самые актуальные проблемы, отвечающие вызовам сегодняшнего дня.

В качестве приоритетных задач названы новая модель системы государственного управления, новое экономическое развитие, меры по глубинной цифровизации; особое внимание уделено социальному блоку – это здравоохранение, образование, жилищное обеспечение граждан, развитие человеческого капитала.

В приоритете остаются повышение благосостояния и улучшение жизни казахстанцев, что нашло отражение в 7 основных принципах нового экономического курса.

Особое внимание было уделено вопросам качественного образования. Глава государства подчеркнул необходимость разработки Концепции непрерывного образования, переориентировки всей системы профессионального образования на формирование компетенций, востребованных на рынке труда.

В настоящее время университет имени Шакарима уделяет большое внимание постоянному совершенствованию образовательных программ в контексте компетентностной модели обучения. Разработка образовательных программ проводится с участием работодателей с учетом их потребностей.

Именно такой подход будет способствовать улучшению качества казахстанского образования, поскольку в современных условиях постоянное или непрерывное саморазвитие является залогом успешности, профессионального роста и конкурентоспособности.

***Бакыт АТАНТАЕВА***
***доктор исторических наук, профессор***
***НАО «Университет имени Шакарима г.Семей»***

# СЫН САҒАТТА ҰСЫНЫЛҒАН СЫНДАРЛЫ САЯСАТ




Президентіміздің әлем елдерінің басына туған сын сағаттағы еліміздің алдыға құрған стратегиясы жайлы жариялаған жолдаудың барлық тармақтарын жіті қарап оқып шықтым. Зерделей білсек бұл жолдауда барлық әрекет халықтың – қазақ елінің әл-ауқатын жақсартуға арналған тиімді жобалар дәйектілікпен ұсынылған. Ендігі жерде Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік сыналар тұс туғанын баршамыз түйсінуіміз қажет. Қазіргі қоғамда диванда отырып, билікті сынап, жеңіл ақша табуға, әлеуметтік желіде алып қашпа әңгімелер таратататын заманның өткендігін әрбір азамат сезініп, болашағымызды бағдарлай алатындай әрекет жасауға талпыну қажет. Қоғамдағы белең алған жемқорлықты тудырмас үшін, мемлекеттік қызметкерлердің еңбегін тиімді ұйымдастыру арқылы, артық штаттарды қысқарту, атқарған еңбегіне сай еңбекақысын көтеру жөнінде нақты іс-шаралар көрсетілген.

Жолдауда әсіресе отбасылық-демографиялық ахуал мен қолжетімді әрі сапалы білім және денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша әлеуметтік мәселелерін шешуге кешенді жоспарлар мен іс-шаралар құрылатынын және пандемиямен күресуге 1 трлн. теңге қаржы жұмысалатынын айтты. «Аңсаған сәби» арнаулы бағдарламаға экстракорпоральды ұрықтандыру бойынша бөлінетін квота санын 7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту туралы қуанышты хабар әр шаңыраққа шаттық сыйлар бала сүю бақытына қол жеткізуге қолдауға кең мүмкіндік тудырары сөзсіз. Еліміздің болашағы балаларды қорғау – бауыр еті балаларымызды кез келген зорлық зомбылықтан қорғау өзекті мәселесі ұлтымыздың сапасын арттырудағы басты бағыттың бірі екенін баса назар аударып, кәмелеттік жасқа толмаған бала¬ларға қатысты жыныстық сипаттағы әре¬кеттері үшін қылмыстық жазаны едәуір қатаңдату шараларын қолға алынатындығы барша ата-аналар үшін ертеңгі күнге деген сенімділікті ұлғайтады.

Жүйесіз саясаттың еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың тұрақсыздануына және тіпті мемлекеттіліктің жоғалуына әкелетінін түйсініп, болашағымыз үшін баршамыз бір жұдырықтай жұмылып, біз саяси реформалардың дәйекті, табанды және ойластырылған түрде жүзеге асырылуына ат салысу керекпіз.

***Зәуре МҰҚАТАЕВА***
***Тарих ғылымдарының кандидаты.***

## Тіл апталығындағы мақалалар




***Шәкәрім университетінде 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай Филология факультетінің ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты құттықтау шарасы өтті.***

Таңертеңнен бастап барлық оқу ғимараттарында мерекелік атмосфера орнады. Кіре берісте құрылымдық бөлім басшыларын, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін студенттер әуе шарларымен қарсы алып, барлығына тәттілер мен құттықтау тілектерін сыйлады.

«Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» деген тақырыппен бүгін тілдің мәртебесін көтеру мақсатында қызметкерлер мен білім алушыларға іс-шара өткіздік. Осындай іс-шаралардың тәрбиелік маңызы зор. Кейінгі шәкірттерге болашақта пайдасын тигізеді деген үміттемін. Тілді насихаттау әр студенттің парызы»,- деді Филология факультетінің декан орынбасары Шугыла Макановна.

Айта кететіндігі, рухани мейрамның 5 қыркүйекте тойлануына себеп болған – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***
***журналист***

# ТІЛДІК ОРТА ЖӘНЕ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл – белгілі бір қоғамдастықтың, ұлттың рухани тіршілік ортасы. Қайқайсымыз болсақ та белгілі бір тілдік ортада өмір сүреміз. Сол ортаны жұтатпай көркейту, мәдениллендіру сол тілдік ортадағы адамдардың рухани өсіп-жетілуіне, дамуына игі ықпалын тигізу әрбіріміздің міндетіміз. Оны әртүрлі ластанудан сақтау, тазалау мен жіті қадағалау лингвоэкологияның еншісіне тиеді. Нақтырақ айтқанда, сөз мәдениеті саласындағы зерттеулердің бағыты, я болмаса аспектісі ретінде қалыптасып келе жатқан лингвоэкология негізінен тілдік орта мәселесін, оның өзгеру, даму динамикасын, тілдің дамуына, тілді қолдануға теріс әсер ететін себептерді қарастырады. Лингвоэкология сондай-ақ тілдің баюына, қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік тәжірибелерін жетілдіру мәселелеріне де қатысты.

Лингвоэкологиялық зерттеулердің түпқазығы – тілдік орта. Тілдік орта – қоғам мүшелерінің тілдік санасының қалыптасуына ықпал ететін, тілдік жүйенің жай-күйі мен сол тілді қолданудың қоғамдық-тілдік тәжірибесі, тілдің қоғамдағы болмысына, оның дамуы мен қызмет етуіне әсер ететін экономикалық, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық т.б. факторлардың жиынтығы.

Тілдік ортаның сөз тазалығы туралы айтқанда дөрекі, былапыт, боқтық сөздер қоғамның, жеке адамның рухани дамуына зиянын тигізетін дерттің бірі екені қынжылтады. Қазіргі қоғамда бұлардың жарыққа шығып, ашық түрде айтылу қаупі де жоқ емес. Интернет пен телеэкранда көрсетілетін шетелдік мазмұны төмен фильмдер мен түрлі әлеуметтік желілер арқылы тарайтын жағымсыз факторлар арқылы жастар арасында тілімізге жат, дөрекі, былапыт сөздер етек ала бастады.

Қоршаған тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін сөздердің тағы бір тобы – жаргон сөздерге орынсыз әуестенушілік. Бұл топтағы адамдар қызметіне, қоғамдағы орнына, жасына қарай ұйымдасады. Жалпы халық тілінен жаргон өзіндік лексикасымен, фразеологизмдерімен және сөзжасамдық тәсілдерімен ерекшеленеді. Жаргондық лексиканың үлкен бөлігі – бұрын өмір сүрген әлеуметтік топтардың мұрасы. Жаргон сөздер өте жылдам өзгеріп отырады. Жаргондарды зерттеу әлеуметтік лингвистика саласының еншісінде. Жаргон термині кейде қате сөйлеуге қатысты да қолданылады.

Сондықтан оны кейде «студенттер тілі», «арго», «сленг» сияқты терминдермен алмастыратын тұстары кездеседі. Бүгінде студенттер арасында хата, крыша, танкі, перваш, балмұздақ т.б. сынды жаргондар жиі қолданысқа ие.

Әсіресе өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ жастарының тілі жаргон сөздерге үйірсектене бастағаны туралы дәлелдемелер кездеседі. Зерттеуші ғалымдар тарапынан жастар тілін, «жастардың қарапайым тілі» деп атау керектігін ұсынады, яғни, жасы шектеулі, тіл тұтынушыларының нормаланбаған тілі екендігімен түсіндіреді. Дегенмен қазіргі жастар тіліне көңіл бөлудің орны бөлек. Өйткені, лексиканың бұл бөлігі жастардың ішкі әлемін жеткізуші құрал.

Сөз экологиясы тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шеттілдік сөздерді уәжсіз қолданудан, жаргон сөздерден, құнтсыздықтан кететін қателерден таза ұстау үшін күреседі.

Тілдік ортадағы сөз тазалығы мен сөздерді жүйелі қолдану турасында өз кезінде А.Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «сөз дұрыстығы», «тіл тазалығы» деп жеке-жеке арнайы бөліп көрсете отырып әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуын, тіл тазалығын ескеру керектігін, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу керектігін жіті түсіндіріп бергені айқын.

Осындай ойлардың сабақтастығы ретінде белгілі ғалым Н.Уәлиевтің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты еңбегінде «Лингвоэкологияда тіл басқыншылығы деген ұғым бар. Бөгде тіл басқындылығы ана тіліміздің тілдік ортасын тарылта бастайды. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласында үстемдік етіп салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тіліміздің интеллектуалдық, танымдық, ақпараттық әлеуетін әлсірете бастайды. Бөгде тіл басқыншылығы тілдік ортаны бұзып ірітіп-шіріте бастайды. Сондықтан тілдік ортаға зардабын тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күрес негіздерін айқындау шараларын белгілеу лингвоэкологияның аса маңызды мәселелеріне жатады» – деп атап көрсетеді.

Тілдің түрлі мәселелерін экологиялық тұрғыдан қарастырудың мәні – тілді тұтынушының, яғни, тілдік тұлғаның ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін, тілдің өткендегісі, бүгінгісі, болашағына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруда маңызы зор болмақ. Адамдардың рухани дамуы тілдік ортаның салауаттылығына тікелей байланысты.

Лингвоэкология тіл дамуының объективті бет-бейнесін көрсететіндіктен оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына, қоғамда тіршілік етіп отырған тілдік ортаны қамқорлыққа алып, қорғау, жіті қадағалау әркез қажеттілік тудырады деп білемін.

***Ә.М. ЖҰМАҒҰЛОВА***
***Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.***

*Тіл апталығындағы мақалалар*

# ТІЛДІҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Тілді диалектика-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне көтерілер биігін де айқындауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі де құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі де сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады.

Тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ тілшілерінің тіл мен таным ұғымдарына назар аударуын, олардың тоғысуынан бастау алатын ережелерге мән беруін де заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс, өйткені шынайы өмірді қабылдау, оның қыр-сырын ой таразысынан өткізе пайымдау, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу – барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, құрылымдық принциптер логикалық және танымдық қағидаларға ұласып, тіл ғылымының өрісін кеңейте түспек.

Бұл күні қазақ тіл білімінің танымдық бағытын зерделеу, оның себеп-салдарын айғақтау, ғылыми-теориялық ұстанымдары мен ұғымдық бірліктерін жүйелеу әрі когнитивтік парадигма негіздерін анықтау өзекті тілдік мәселелер ретінде қарастырылуда. Қазақ лингвистикасының тарихын тілтаным теориясының қалыптасуымен байланыстыру, соның негізінде жекеленген тұлғалардың тілтанымдық тұжырымдарымен танысу, сол арқылы қазақ халқының төл қазынасын құрайтын құндылықтарына зер салу, оларды зерттеу нысанына қарай арнайы бағыттарға топтап қарастыру – барлығы дерлік қазақ тіл біліміндегі когнитивтік ұстанымдардың бастамасын зерделеуге, олардың негізін әлемдік қордың бір бөлшегі есебінде бағалауға көмектеседі, яғни қазақ тіл білімінің тарихи негізінен бастау алатын тілтаным теориясы уақыт сұранысынан туындай келіп, қазіргі жалпы лингвистиканың өзекті мәселесіне айналғаны көпшілікке мәлім.

Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным тұңғиығынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. Демек, бүгінгі тіл ғылымының атқарар қызметі де, жол бастар соқпағы да айрықша. Оны тілтанымдық тұжырымдар, бір жүйеге келтірілген универсалды принциптер, топталып берілген когнитивтік ұғымдар мен бағыттар парадигмасы, сөзсіз, дәйектей түседі.

Таным негіздерін, оның өзге құбылыстармен байланысын зерттейтін ғылымның өзі әр түрлі салаларға жіктелетіндіктен, аталмыш ұғымның аясы да ғылыми тұрғыдан әркелкі түсіндіріліп келеді. Когнитивтік лингвистика – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік (денотаттық), референция қызметтері бірге танылады.

Когнитивті терминдер сөздігінде танымдық тіл ғылымында адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным механизмі әрі құралы ретінде қарастыратын лингвистика саласы деген анықтама берілген.

Ғылыми таным, дәстүр, сабақтастық секілді мәселелер байланысын құраған тіл білімі адамзат болмысымен ұштаса, өмірімен тоғыса дамитындықтан, оның негізгі заңдылықтары да жеке тұлғалардың физио-анатомиялық, психологиялық белгілерін зерделеу арқылы, әрі жалпыадамзаттық құндылықтардың қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық-мәдени өзгешеліктерін жүйелеу негізінде қалыптасары сөзсіз.

**_Ғ.А. ТҮСІПБЕКОВА_**
**_Қазақ филологиясы және журналистика оқу кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушы_**

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕР МЕРЕКЕСІ

***5 қыркүйек Қазақ халқы тілдері күні мерекесі. 1998 жылдың 20 қаңтарынан бастап 22 қыркүйекте атап өтілетін мереке, ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек, яғни Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілгені баршамызға белгілі.***



Атаулы датаның өзгеру себебінің өзіндік сыры бар еді - «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» екендігін айтып, ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халықының азат тағдыры мен тілі үшін күрескен халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, Алаш арысы, ағартушы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, қазақтың ақыны, публицист, педагог, аудармашы – Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты.

Бүгінгі таңда бүкіл қазақстандықтар қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлауда.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде Тіл мерекесіне арналған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» тақырыбында апталық өтуде. Апталық барысында «Тіл – әр халықтың байлығы» тақырыбында бүкіл оқу ғимараттарында сұхбат алаңы, «Өнер алды – қызыл тіл» тақырыбында факультет аралық дебат сайысы, «Тіл – ұлттың жаны» атты факультет аралық ақындар мүшайрасы, филология факультетінің тіл мамандарының қатысуымен кураторлық сағаттар, ғалымдар мен магистрант, студенттердің қатысумен «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық семинар ұйымдастырылуда.

Іс-шараның мақсаты – тілдік мәдениет пен жалпы адами рухани құндылықтарға негізделген қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты, қазақстандық бірегейлікті, өзара түсіністікті нығайту, дамыту, қазақ тілінің мәртебесін биіктету.

«Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» тақырыбындағы апталық барысында өткізілген іс-шаралар, көтерілген мәселелер, талқыланатын сұрақтар ана тіліміз – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін биіктетуге өз үлесін қосады деген үміттеміз.

**_Қ.Т.ТӨЛЕБАЕВА_**
**_Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к._**

## Тіл апталығындағы мақалалар

# ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ




Тіл – қоғамдық құбылыс, оның басты қызметі коммуникативтік қызметі (қарым-қатынас құралы) екені анық. Дегенмен, оның кумулятивтік қызметінің, яғни ұлттың рухани қазынасын бойына сіңіріп, сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу функциясының да маңызы зор. Тіліміздің бұл қызметіне назардың жеткілікті аударылмауы оның мұрагерлік рөлі мен ұлттық мінезді қалыптастырушы қызметін біршама төмендетті. Ұлттық тілді басқа ғылымдармен тұтастықта (әдебиеттану, философия, психология, мәдениеттану, әлеуметтану, тарих, этнография, экология, экономика т.б.) зерттеу арқылы оның барлық қызметтерін, ерекшеліктерін мейлінше кең ашуға мүмкіндік туды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлттық код мәселесі антропоөзектік парадигмада, соның ішінде лингвомәдени, когнитивтік, этнолингвистикалық, әлеуметтік тіл білімі т.б. бағыттар бойынша жан-жақты қарастырылды (Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәли, Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Р.Авакова т.б.) және зерттеу жалғасуда. Осы бағытта тілдің ұлтаралық, этносаралық, мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлі де қазіргі жаһандану заманында өте өзекті.

Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениетаралық коммуникация мәселесі бірнеше бағытта қарастырылады. Олар:

1) Әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасы: әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы коммуникация; бір ұлт өкілдерінің қарым-қатынасындағы мәдениеттер қақтығысы т.б.

2) Шет тілін оқытуда мәдени өзгешеліктерді ескеру;

3) Аударма қиындығы, әсіресе көркем шығарманы аударудағы қиындықтар;

4) Ұлттық мінез қалыптастырудағы тіл рөлі

5) Тіл және идеология

6) Шет тілдердің қазақ тіліне әсері; қазақ тілінің қазақстандық орыс тілді басылымдарға т.б. әсері т.б.

Аталған мәселелер өзара тығыз байланысты екені анық. Біз өз баяндамамызда қазақтардың тілдік коммуникациясындағы мәдениеттер қақтығысы жайлы қысқаша сөз қозғасақ.

Мәдениеттер қақтығысы дегеніміз құндылықтар мен нанымдар қақтығысы. Әртүрлі ұлт өкілдері арасында мәдениеттер қақтығысының орын алуы заңды, өйткені «төл мәдениет – халықтың ұлттық ерекшелігін қорғаушы қалқан және өзге халықтар мен мәдениеттерден қорғап-қоршап тұратын бітеу дуал», сондықтан өзге мәдениетті түсіну үшін оның тілін үйрену қажет. Дегенмен, бір ұлт өкілдері арасында да мәдениеттер қақтығысы орын алады. Біздің қоғамда ол екі түрлі сипатта байқалады.

1) Қоғамда орын алып жатқан әртүрлі тарихи-мәдени т.б. өзгерістер ұрпақтар арасындағы мәдениеттер қақтығысын тудырады. Бұл қақтығыс тіл арқылы көрініс табады. Мысал ретінде шаш жаю, сәлем салу, мырза, ханым, жолдас, хайп т.б. деген сөздерді алсақ болады. Бір кездері жағымсыз эмоционалды экспрессия тудырған сөз уақыт өте келе норма ретінде қабылдануы мүмкін. Мәселен, бұрынғы қазақ қоғамында әйел баласы шашын тек қаралы хабар алған кезде жайған, ал қазіргі уақытта қыздарымыздың шаш жаюын қалыпты жағдай ретінде қабылдаймыз. Сол сияқты сөз мағынасының тарылуы не кеңеюі, көнерген сөздер мен неологизмдер де тілдегі мәдениеттер арасындағы қақтығыстың, түсініспеушіліктің бір көрінісі болып табылады. Қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени өзгерістердің тілде көрініс табуы мәдениеттер қақтығысын тудырғанымен, негізінен тілдің дамуындағы табиғи үдеріс ретінде қабылданады.

2) Қазіргі уақыттағы біздің жағдайымыз «бір халық – екі орта», яғни қазақтілді және орыстілді орта. Бір ұлт өкілдерінің екі тілді қолдануы, әрине, мәдениеттер қақтығысын тудыратыны анық. Себебі тіл – ұлттың жаны, тіл арқылы адамның дүниетанымы қалыптасады. «Тәрбие басы – тіл» (Махмұд Қашқари) демекші, орыс тілінде тәрбиеленіп, білім алған қазақ баласы орыс мәдениетін бойына сіңіріп өседі, оған қазақ халқының ұлттық құндылықтары, мәдениеті жат болуы мүмкін. Орыстілді қазақтардың қолданысындағы мына семантикалық топтағы қазақ тіліндегі сөздер арқылы олардың тілдік бейнесінің бір қырын бағамдауға болады:

1) туыстық атаулар: аташка, апашка, ажейка, агашка; енешка;

2) ұлттық салт-дәстүр атаулары: суйинши, шашу, беташар, бата;

3) ұлттық киім, тағам атаулары: баурсаки, бесбармак, саукеле, кумыс; т.б.

Екінші сипаттағы, яғни «бір халық – екі орта» арасындағы мәдениеттер қақтығысының салдары тіліміз бен ұлт дамуына кері әсер етуде. Осы орайда ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген сөзі ойға оралады. Жас ұрпақтың ұлттық мінезін қалыптастыру үшін тек ана тілінде сауат ашу қажеттілігі үнемі айтылып келеді. Тек ана тілі арқылы ғана бала ұлттық мінез-құлық, мәдениетті бойына сіңіре алады.

Қазақтар қазақ тілін тек қарым-қатынас құралы емес, оны (адамды, тұлғаны) қазақ ретінде танытатын, ұлттық мінезін қалыптастыратын басты құндылық ретінде қабылдауы тиіс. Ал орыс, ағылшын т.б. тілдерді тек коммуникация құралы ретінде екінші, үшінші орында қабылдағаны жөн. Еліміздегі қазіргі тілдік жағдай – үлкен саяси-әлеуметтік мәселе. Оның оң шешілуі үшін әр қазақ өз үлесін қосуы тиіс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек».

***Г.Б. САҒАНАЕВА***
***Қазақ филологиясы және журналистика оқу кафедрасы, ф.ғ.к., аға оқытушысы***

# УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫСЫ «TED TALKS» ФОРМАТЫНДА БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Ізгілік пен ізденісті тұмар қылған, жан-жақты білімділікті, шәкіртке деген шуақты көзқараспен қарауды, әр шәкірттің бойына үңілуді, жан-дүниесін түсініп, мүмкіндік беріп келе жатқан Шәкәрім ата шаңырағының ректоры Бауыржан Аманкелдіұлымен белсенді студент жастар арасында « TED TALKS» форматында жарқын кездесу өтті.



Кездесу барысында Басқарма төрағасы білім шаңырағының белсенді, жалындаған жастарының тыныс тіршілігімен танысты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев : «Біз тәуелсіздікті алдық, ұстадық. Тәуелсіздікті алу бар да,сақтау бар. Енді сендер сақтаңдар» деген болатын. Бұл аманат. Аманатқа сай жастар біздің Шәкәрім ата шаңырағында жетерлік. Сондай-ақ университет қабырғасында жас буыннан құралған қаламыздың қуатты күшін бір арнаға тоғыстырған «Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығы жұмыс жасайды. Бұл жастарға сенімділік пен қолдау көрсету, болашағын жарқын құрып, ойлаған арманын іске асырып, алдына тың жоспар қоя білген шәкіртке таптырмас мүмкіндік деп ойлаймын.

«Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығының ішіндегі 9-жастар ұйымының қалалық деңгейде жұмыс жасап отырғанын және осы ұйымдардың қандай жұмыс жасағандығы, алда игерілмеген жұмыстар, алға қойған тың жоспарлары жайлы сөз қозғалды.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген екен.

Білім ордасының басшысы Бауыржан Аманкелдіұлы жалпы сөз басын атақты ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби атамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім-Адамзаттың қас жауы!» деген сөзімен бастап, тәртіп-тәрбие жайлы тілге тиек етті. Шәкәрім университетінің белсенді жалындап, жанып тұрған студенттерді қай жағынан болсын қолдап, шәкірттердің ұсыныстарының тиімді жағы болса, әрдайым қолпаштайтынын, тіпті белсенді студенттерге ынталандыру мақсатында «Шәкәрім шәкіртақысын» тағайындайтыны жайлы айтып өтті.

Білім ордасының басшысы Бауыржан Аманкелдіұлының бұл сөзі «алма піс, аузыма түс» дегенді меңзеп отырған жоқ. Жастарға берілген мүмкіндіктің бәрі де өзі еңбектенуді, өзі ізденуді талап ететін әрекеттер. Жастар деген кім сонда?

Елдің айнасы – жастар. Егемендікті сақтайтын да –жас болашақ ұрпақ.

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға,
Шығарар олар біртаңда
Мен жастарға сенемін.

Бұл ғасыр бұрын жастардың жігеріне сеніп, оларға аманат арқалатқан өлең еді. Әлі де өз маңызын жоғалтпаған Мағжанның рухты өлеңі бізді жігерлендіретіні анық. Мағжанның сенген жастары ел үмітін ақтады. Егемендікті алды, тәуелсіздіктің таңын атырды. Ендігі Мағжанның сенген жастары – біз. Бізге келген тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, ұлттық болмысымызды сақтай отырып, алға қарай қадам басу – біздің алғашқы жоспарымыз болуы тиіс. Себебі бізге берілген мүмкіндіктер шексіз. Мұның бәрі ел болашағы үшін атқарылған дүние. Мағжан секілді біз де өз кезегімізде болашағымызға өшпес мұра қалдыруға міндеттіміз.

Сөз соңында түрік ақыны Назым Хикметтің бір шумақ өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап.
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?!.

Бүгінде білімді де білікті, еңбекқор да отан сүйгіш, көк туымызды желбіретіп, ел мерейін асқақтатар жас ұрпақтың жарқын болашағына жұлдызды жол салатын, құзіретті тұлға, жас маман - біздерміз!

Ұстаз деген ұлы мамандықтың тұтқасын ұстап, тамырдай жан-жаққа тарамдалған Шәкәрім Университеті тынысына, университет қабырғасының ұстаздарының тынымсыз тіршілігіне қанығып, келе жатқан жас мамандар, алар асуларыңыз алда болсын!




***Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА***
***«Педагогика және психология» кафедрасының 1 курс студенті***

# ПРОШЛА МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

***23 октября в Университете имени Шакарима состоялась Международная научно-практическая конференция «Достоевский и мировая культура: художественное наследие и духовность».***



Мероприятие началось с открытия с уникальной выставки о жизни и творчестве Ф.М.Достоевского, которую специально для Казахстана подготовили Литературно-мемориальный музей писателя в Санкт-Петербурге и Русский дом в Нур-Султан. Выставка передана в дар Литературно-мемориальному музею Ф.М.Достоевского в городе Семей. В ней представлены главные эпизоды жизни и творчества классика мировой литературы.

В Университете была представлена выставка о жизни и творчестве Достоевского «Эпизоды». Выставка состояла как из широко известных, так и редких литографий, гравюр и фотографий XIX века.

Пленарное заседание началось с приветственного слова Председателя Правления Б.Ердембекова. Ректор Университета отметил важность сотрудничество между литературно-мемориальным музеем им.Достоевского, поблагодарил представителя Россотрудничества в РК за всестороннюю поддержку в проведении международной конференции.

Представителя Россотрудничества в Республике Казахстан Воробьев К.П., директор Института спорта и физической культуры Университета экономики в Быдгоще, доктор Александер Скалий поблагодарили за теплый прием. А также с видеоприветствием выступил кандидат филологических наук, профессор Якушин Николай Иванович (г. Москва).

В ходе конференции с докладами выступили: директор Литературно-мемориального музея Ф. М. Достоевского Соловьева И.А. «Достоевский в культуре Казахстана», настоятель Семипалатинского Воскресенского собора, исполняющий обязанности благочинного Семипалатинского церковного округа Иерей Гутов В.Н. «Федор Михайлович Достоевский и его отношение к православию», кандидат исторических наук, профессор Университета Шакарима Исин А.И. «Сведения о казахском календаре в записях Ч. Валиханова», кандидат педагогических наук, профессор Университета Шакарима Каримов М.К. «Шокан Уалиханов – один из первых иследователей эпоса «Эдиге»».

В рамках культурной программы конференции в Русском драматическом театре имени Ф.М. Достоевского состоится показ спектакля «Дядюшкин сон», по одноименной повести Федора Михайловича, которую он написал находясь в городе Семей.



# ДЕЛЕГАЦИЮ ИЗ ПОЛЬШИ ПРИНЯЛ УНИВЕРСИТЕТ ШАКАРИМА

***Университет Шакарима принял делегацию Университета экономики в Быдгоще, Республики Польша.***

Цель визита развитие стратегического многовекторного партнерства, сотрудничества в области академических, исследовательских, социально-культурных проектов.

Делегаты визита, гости нашего университета являются Доктор Филип СИКОРА, Канцлер Университета экономики, Доктор Александер СКАЛИЙ, Директор института Спорта и Физической Культуры Университета экономики в Быдгоще. Польша презентовали возможности взаимного сотрудничества. Было подписано соглашение о сотрудничестве между Университетом Шакарима и Университета экономики в Быдгоще. Коллеги из Польши представили опыт уже имеющихся успешных проектов в Казахстане, проект Польско-Американского Проекта RITA, возможности совместных патентов и др.

В рамках визита состоялась встреча с проректорами, деканами факультетов, заведующими кафедрами, менеджерами ОП по направлениям программ сотрудничества: двудипломные программы, мобильность студентов и преподавателей, совместные исследовательские и социально-культурные проекты. Делегаты поделились опытом реализации масштабных проектов и пригласили коллектив Университета Шакарима к совместному сотрудничеству.

Кроме того, представители польской делегации встретились со студентами выезжающими по программе Мобильности в Университет экономики в Быдгоще. Господин Канцлер лично вручил приглашения студентам. В ближайшие дни 13 обучающихся выедут в Польшу в Университет в Быдгощи для обучения по программе мобильности. Это лишь первые шаги плодотворного сотрудничества.

# БАҚ ӨКІЛДЕРІ ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

***ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Шәкәрім шаңырағына Turan TV және «Хабар» телеарнасының журналистері іссапармен келді.***

Сапардың барысында зерттеуші журналистер университеттің Басқарма мүшелері - проректорлармен және құрылым басшыларымен танысып, оқу орнының бүгінгі тынысы жайлы сыр бөлісті. Университетіміздің профессорлары М.Қ.Каримов және Б.Ж.Атантаевалармен жүздесіп, сұхбат алып, білім ошағының тарихымен танысты. Ғалымдармен болған сұхбаттан соң қонақтар Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Аманкелдіұлымен жүздесті. Университет басшысымен болған кездесуде академиялық дербестікті, яғни жоғары оқу орнының коммерциялық емес акционерлік қоғамға көшуіне байланысты ішкі өзгерістердің барлығын кеңінен саралаған келелі сұхбат болды.

«100 жаңа есім» жобасының жеңізпазы, журналист Мадина Ашилова мен «Хабар» телеарнасының тілшісі Арайлым Нұғманова университеттің жаңа тынысымен танысуда. Сапардың екінші күнінде университеттің жас ғалымдарымен кездесіп, жастар мәдениеті жайлы тағылымды әңгіме өрбітті. Сонымен қатар БАҚ өкілдері «Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығымен, университет тарихымен, Халықаралық ынтымақтастық орталығының жұмыс-бағдарымен танысболды.

Айта кетейік, ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен еліміздің жоғары білім беру жүйесінің құндылықтарын трансформациялау туралы ғылыми зерттеу жүргізілуде. Шәкәрім университеті аталған гранттық жобасы аясында деректі фильм түсіруге таңдалып алынған үш ЖОО-ның біріншісі.




# УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҒЫ

***08.09.21 жылы барлық құрылым басшылары бас қосқан кеңейтілген Ғылыми кеңес өтті.***

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – «Университеттің 2021-2022 ж.ж. жаңа оқу жылына дайындығы» тақырыбындағы өткізілген кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмалар негізге алынды. Мемлекет басшысының маңызды тапсырмаларының басында сапалы білім беру тұр. Ғылыми кеңес осы тапсырмаларға сәйкес Ғылым министрлігінің талаптарын қарастырып, жаңа оқу жылында жасалатын жұмыс бағыттарын анықтады.

Аталған мәселе бойынша «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ-ның Басқарма төрағасы – Ректор Б.А.Ердембековтың, Басқарма мүшелері – проректорлар И.А.Оралканова мен Б.Ісбектің, Ғылым департаментінің басшысы Ж.Қ.Молдабаеваның баяндамалары тыңдалды.

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Адылкановна оқу орнының құрылымын оңтайландыру, ПОҚ аттестациясы, лауазымдық бос орындарына өткен конкурс, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының құзыреттілігінің күшейтілгені жайлы айта келе, ондағы өзекті мәселелерге тоқталды. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауындағы және Білім және ғылым министрлігі тарапынан берілген тапсырмаларға сәйкес жаңа оқу жылынан бастап ПОҚ-пен қоса қызметкерлердің де жалақыларының өскендігіне де тоқталып өтті. Сонымен қатар, Басқарма төрағасы – Ректор Б.Ердембеков университетте төмен жалақы алатын 134 адам бар екенін және олардың жалақылары 60 000 теңгеге 1 қаңтардан емес, 1 қыркүйектен бастап көтерілетінін хабарлады.

Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Берікхан Иісбекұлы университеттегі әлеуметтік-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуына және оқу орнының әлеуметтік желідегі белсенділігіне тоқталып, білім алушылардың әлеуметтік жобаларға қатысуын, жатақханамен қамтамасыз ету мәселелерін де айтты. Баяндамадан кейінгі қойылған сұрақтар мен ұсыныстар барысында Б.Ердембеков құрылым басшыларының әлеуметтік желідегі белсенділігін арттыруды тапсырды. «Біздің басты миссиямыз – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен Абай аңсаған «кемел тұлғаны» қалыптастыру. Сондықтан да Әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек». Біз тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөліп, жоғары білім мен текті тәрбиені теңестірген тұлға қалыптастыра алатын интеллектуалды ортаға айналуымыз қажет»,- деп түйіндеді ойын Басқарма төрағасы.

Ғылым департаментінің директоры Жанар Қалибекқызы білім ордасының ғылыми қызметі мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына тоқталды. «Университетте Кәсіпкерлікті дамыту және коммерцияландыру бөлімі құрылды. Негізгі мақсат: Шәкәрім университетіне тиесілі ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін коммерцияландыруды қамтамасыз ету және зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу болып табылады»,- деді департамент басшысы.

Баяндамалардан кейін «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі А.С.Еспенбетов, «Тамақ өндірісінің технологиясы және биотехнология» кафедрасының профессоры Қ.Ж.Амирханов сөз алып, жаңа оқу жылы бойынша дайындыққа арналған өз ұсыныстары мен ойларын ортаға салды.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Еспенбетов университеттің тиімді кадрлық саясатын қамтамасыз ету мақсатында өткен конкурс нәтижесін, 30 бос лауазымға 70 өтініш берілгендігін айтып, басты назарға алынуы керек мәселелерге тоқталды. Профессор Құмарбек Жүнісбекұлы Ғылыми қызмет - кез-келген университеттің басым бағыттарының бірі, бірақ бұл өте күрделі екендігін айтты.

Баяндамалар мен ұсыныстардың барлығын талқылай келе Ғылыми кеңес қаулысы қабылданды. Қаулы тапсырмаларының мерзімі белгіленіп, жауапты құрылымдар нақтыланды.

# СТУДЕНТТІК ҰЙЫМДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

***Қыркүйектің 14–15 күндері Шәкәрім университетінде дәстүрлі «Ұйымдар жәрмеңкесі» өтті.***

Жәрмеңкеге барлық 1 курс студенттері қатысты. Олар мұнда бір-бірімен жақынырақ танысып, өздерінің жандарына жақын ұйымдарға мүше болып кіріп, сабақтан бос уақыттарында шығармашылық өнерлерін шыңдамақшы болды.

Ал ұйым мүшелері әрқайсысы өз ұйымы туралы жарнамалап, әртүрлі ойындар ұйымдастырды және ұйымның қызметі жайында қызықтыра әңгімелеп берді.

Университет қабырғасында 9 студенттік ұйым үнемі жұмыс жасайды. Кез келген ұйымның құрамына дәл осы жәрмеңке күні немесе басқа күндері де кіруге болады. Есік әрдайым ашық.

Студенттік өмірлеріңіз қызықты да жарқын, есте қаларлықтай болсын десеңіз, Шәкәрім университетінің шығармашылық ұйымдарының біріне мүше болыңыз. Мұнда бойларыңыздағы өнерлеріңізді дамытуға және өз қабілеттеріңізді жаңа қырынан танытуға, сондай-ақ жаңа достар табуға мол мүмкіншілік бар.

Іс-шара барлық карантиндік нормаларды сақтай отырып ұйымдастырылды.

# ЯРМАРКА СТУДЕНЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ

***14-15 сентября в стенах нашего университета прошла ежегодная ярмарка студенческих организаций.***

В ярмарке приняли участие все студенты 1 курса. Они собрались здесь , чтобы поближе познакомиться друг с другом, стать членами близких им организаций и в свободное от занятий время проявить творческий подход.

На ярмарке были представлены 9 студенческих организаций. Студенческая ярмарка дала возможность студентам не только ознакомиться с действующими организациями, с занимательной студенческой жизнью, а также стать свидетелями выступления талантливой молодежи Университета.

Песни, танцы, агитация, новые знакомства — все это и есть начало нового студенческого года. Теперь каждый будущий активист будет проходить кастинг по тому направлению, которое он выбрал. Останутся сильнейшие, достойные носить звание «Активист университета «Шакарим». Стоит напомнить, что набор в организации не заканчивается ярмаркой и все желающие могут вступить в организацию в любое время!

Мероприятие было организовано с соблюдением всех карантинных норм.

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ, журналист***

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

***Шәкәрім университетінің басшысы Б.Ердембеков пен Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының директоры Г.Рахимжанова ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.***



Меморандумның мақсаты – елдің зияткерлік элитасын қалыптастыру жөніндегі басымдықтарды іске асыру, дарынды балаларды анықтау мен қолдау, еңбек нарығында талап етілетін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау саласында әріптестік қатынастарды орнату.

Іс-шара барысында Гаухар Болатбекқызы орталықтың отандық білім беру мекемесімен ынтымақтастығының маңыздылығын атап өтіп, Шәкәрім университеті – ұлттық ғылым мен мәдениеттің ірі орталықтарының бірі, ол жоғары кәсіби мамандарды ғана емес, сонымен қатар әр түрлі ғылыми бағыттағы жас ғалымдарды дайындаумен айналысатынын баса айтты.

Өз кезегінде Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Аманкелдіұлы болашақ педагогтарды сапалы даярлау үшін бірлескен іс-шаралар, ғылыми бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендігін білдірді.

# ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

***21 сентября 2021 года Ректор Университета им.Шакарима Б.Ердембеков и директор КГКП Восточно-Казахстанский научно-методический центр развития одаренности и дополнительного образования «Дарын» Г.Рахимжанова заключили меморандум о сотрудничестве.***

Цель меморандума – воплощение приоритетов по формированию интеллектуальной элиты страны, выявление и поддержка одаренных детей, подготовка компетентных и конкурентоспособных специалистов, востребованных на рынке труда.

В ходе мероприятия Гаухар Болатбековна отметила важность сотрудничества центра с отечественным образовательным учреждением, подчеркнув, что университет Шакарима – один из крупнейших центров национальной науки и культуры, который занимается подготовкой не только высокопрофессиональных специалистов, но и молодых ученых различных научных направлений.

В свою очередь, Председатель Правления – Ректор Бауыржан Аманкельдиевич выразил готовность к реализации совместных мероприятий, научных программ и проектов для качественной подготовки будущих педагогов.



# ПРОШЕЛ СЕМИНАР С СОТРУДНИКАМИ УНИВЕРСИТЕТА

Прошел семинар с заместителями деканов по учебной работе, ответственными по практике и трудоустройству выпускников на кафедрах.

15 сентября 2021 года Отделом карьеры и трудоустройства был организован семинар с заместителями деканов по учебным вопросам, ответственными по практике и трудоустройству выпускников на кафедрах.

В мероприятии приняли участие директор Департамента организации образовательного процесса У. Тлемисов , а также преподаватели кафедры и заместители деканов.

В ходе семинара были рассмотрены вопросы качественной организации, координации и проведения всех видов практик.

Руководитель отдела Сауле Саттаровна отметила, что для изучения проблемы изнутри и поиска путей их решения на всех курсах будет проведена серия мероприятий со студентами и представителями организаций и отраслей. Кроме того, необходимо оказать содействие выпускникам в трудоустройстве после окончания учебы и в первый год после учебы.

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***
***журналист***

# «ТАБИҒАТ ЖӘНЕ МЕН» АТТЫ КӨРМЕ АШЫЛДЫ

***Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерейтойы аясында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық-музейінде «Табиғат және мен» атты сурет көрмесінің ашылу рәсімі өтті. Бұл көрмеге Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Шәкәрім университетінің аға оқытушысы Сағат Адылханұлының шығармалары қойылды.***



Рәсімге Басқарма төрағасы – Ректор Б.Ердембеков, Абай музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.Қайрамбаева, суретші, профессор Н.Өтепбаев, Абай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, ақын Е.Оразалин, Қазақстан Суретшілер одағының Семей қаласы бойынша төрағасы, суретші Т.Жұбанышев, суретші, педагогика ғылымдарының кандидаты М.Мырзақанов бастаған қаламызға белгілі зиялы қауым өкілдері, құрылымдық бөлім басшылары мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Сағат Әділханов Шәкәрім шаңырағында 1994 жылдан бастап қызмет атқаруда. Бүгінде сәндік-қолданбалы өнеріне ерекше көңіл бөліп соның ішінде ағашты көркемдеп өңдеуді дәстүрге айландырып, жастарға инновациялық жолмен білім беріп жүрген оқытушылардың бірі.

Аталған көрмеге өнер иесінің 50-ге тарта таңдаулы жұмыстары, елдің ерекше ықыласы мен ілтипатына бөленген еңбектеріне орын берілген. Көрмені қала тұрғындары мен қонақтары қазан айының 11-не дейін тамашалай алады.

Өнері мен біліктілігін шәкірттерге үйретіп, ел мәдениетіне үлес қосып жүрген әріптесіміз Сағат Адылханұлына шығармашылық табыс тілейміз!

***Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ***
***журналист***

# «ОПЫТ ИЗРАИЛЯ: ТРАНСФЕРТ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В АПК»



В Университете имени Шакарима прошла нетворкинг-конференция «Опыт Израиля: трансферт инновационных технологий в АПК».

Целью данного мероприятия является – развитие связей между казахстанскими предприятиями сельского хозяйства и израильскими компаниями на основе научно-технического сотрудничества.

Среди приглашенных гостей представители государственных учреждений сельского хозяйства Восточно-Казахстанской области, предприятий перерабатывающей промышленности АПК, крестьянские и фермерские хозяйства, а также руководители структурных подразделений и профессорско-преподавательский состав университета.

Участники конференции руководитель ГУ «Восточно-Казахстанской областной территориальной инспекции Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства РК» А.Каримов, директор ТОО «Өрнек» Е.Койгельдин, руководитель АПК МСХ РК Восточно-Казахстанской зональной Карантинной лаборатории О.Легкунец поддержали идею и концепцию нетворкинг-конференции отметив, что такие мероприятия помогут в реализации и развитии сельского хозяйства.

С 8 по 20 августа 2021 года ученые Университета во главе с директором департамента Науки Ж.Молдабаевой посетили курс «Передовые технологии орошения и защиты растений» в рамках программы МАШАВ Государства Израиль.

Израильское сельское хозяйство считается одним из наиболее технологически развитых в мире. Здесь разрабатываются новые сорта растений, запущены инновационные системы орошения, внедряются автоматизация и современные интеллектуальные технологии. Государство также экспортирует свои знания и опыт во многие страны мира.

В Казахстане, растениеводство относится к разряду рисковых видов сельского хозяйства, поэтому опыт Израиля применим и в нашей стране.

Благодаря международному проекту ученые получили огромный потенциал знаний и взаимодействия с израильскими компаниями, что позволяет консультировать аграриев Казахстана и развивать сельское хозяйство региона.

Были освещены такие темы как трансферт технологий АПК через сотрудничество с Израильскими компаниями, внедрение инноваций в растениеводстве, капельном орошении, вопросы повышения квалификации работников сельского хозяйства и АПК.

Декан Инженерно-технологического факультета Ж.Тохтаров рассказал об эффективности капельного орошения и остановился на основных проблемах сельского хозяйства. Также участники конференции коммерческий директор компании ТОО «Агрокомплекс Донское» В.Семин, декан факультета Ветеренарии и агроменеджмента А.Койгельдинова, руководитель Центра международного сотрудничества А.Койчубаев, руководитель Центра повышения квалификации и переподготовки кадров Ш.Сатиева поделились опытом, приобретенным на данном курсе.

Во всем мире высокоразвитые страны развиваются благодаря Модели взаимодействия или тройной спирали «Наука – Государство - Индустрия», поэтому миссией Университетов 4.0 является решение проблем-вызовов современной промышленности.

Посол Казахстана в Израиле господин Сатыбалды Буршаков готов оказать необходимое содействие Казахстанским предпринимателям в вопросах сотрудничества с Израилем. Ученые Университета готовы к развитию проектов и развитию сотрудничества с израильскими компаниями через сотрудничество с Международным аграрным учебным центром MASHAV Министерства иностранных дел Государства Израиль.

***А.С.КОЙЧУБАЕВ***
***руководитель Центра международного сотрудничества***

# В УНИВЕРСИТЕТЕ ПРОВЕДЕНЫ КУРАТОРСКИЕ ЧАСЫ И ОТКРЫТЫЕ УРОКИ, ПОСВЯЩЕННЫЕ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА



***В честь 30-летия Независимости РК в разных уголках страны учебные заведения и образовательные учреждения проводят открытые уроки и кураторские часы.***

14 сентября текущего года на всех факультетах университета и в Высшем колледже Шакарима были проведены кураторские часы на тему «Тәуелсіздік жетістігі». В данном мероприятии приняли участие руководители структурных подразделений, профессорско-преподавательский состав и студенты.

В ходе урока педагоги рассказали молодому поколению важность 30-летнего юбилея независимости и заслуг Первого Президента Казахстана – Елбасы Нурсултана Назарбаева в становлении и развитии государства, достижениях страны за 30 лет суверенитета.

***Шәкәрім университетінің Медиа орталығы***
***Shakarim University Media Centre***

# ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ «ДАРИҒА-АЙ» ТЕАТРЫНДА

***Басқарма төрағасы Б.Ердембековтің бастамасымен университетіміздің құрылымдық бөлім басшылары мен профессор-оқытушылар құрамы «Дариға-ай» жастар театрының қойылымын тамашалады.***

«Дариға-ай» жастар театры өзінің 23 театр маусымын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шәкәрім. Жолсыз жаза» қойылымымен ашты.

Бұл қойылым Шәкәрім Құдайбердіұлының 160 жылдығына орай ақынның «Мұтылғанның өмірі» поэмасының желісі бойынша жаңаша форматта сахналанған туынды.

Пьесаны тамашалаған университет басшысы Б.Аманкелдіұлы театр қызметкерлеріне ризашылығын білдіріп, ықылас гүлін тарту етті.

Режиссер Жұлдызбек Жұманбай мен театр директоры Амангелді Бахтиновтың бірлескен еңбектерінің арқасында жарыққа шыққан пьеса бір жанның басындағы қым-қуыт оқиғаларды негізге ала отырып, адам бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерді ашып көрсетеді.

Қызметкерлерді рухани-эстетикалық тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара - ұжым мүшелерінің көңілінен шықты.

Шәкәрімдіктердің театрға экспедициялық күндері алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек.



# УНИВЕРСИТЕТ ШАКАРИМА В ТЕАТРЕ «ДАРИГА-АЙ»

***По инициативе Председателя Правления Б.Ердембекова руководители структурных подразделений и профессорско-преподавательский состав университета посетили спектакль Молодежного театра «Дарига-ай».***

Поэтическая постановка «Шакарим. Самосуд или Случайность» основана на поэме Ш. Кудайбердиева «Жизнь Забытого», его стихи и песни представлена зрителям в новой сценической форме.

После просмотра пьесы ректор университета Б.Аманкельдиевич выразил благодарность коллективу театра, а также вручил цветы.

Данный спектакль, повествуя о жизни и творчестве выдающегося поэта и философа Шакарима Кудайбердиева, перенес зрителей в то историческое время, когда зарождались истоки поэзии великого Шакарима.

Сотрудники университета получили массу положительных эмоций, хорошее настроение и заряд бодрости.

***Шәкәрім университетінің Медиа орталығы
Shakarim University Media Centre***



# ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО ЭТИКЕ

***Сегодня состоялось заседание Совета по этике Университета Шакарима, на котором был рассмотрен вопрос о соблюдении академической честности сотрудниками вуза.***

Председатель Совета по этике М.Абдикакимов поручил членам Совета проконтролировать организацию антикоррупционных мероприятий в университете и мероприятий, проводимых в рамках проекта «Саналы ұрпақ».

В функции Совета по этике также входит сбор жалоб о несоблюдении сотрудниками университета правил этики, ознакомление сотрудников, ППС, должностных лиц с правилами внутреннего распорядка, инициирование и рассмотрение споров по вопросу нарушения данных правил.

# СОСТОЯЛОСЬ ВСТРЕЧА СО СТУДЕНТАМИ «СЕРПІН-2050»



***В университете имени Шакарима директор Областного молодежного ресурсного центра Арайлым Керимбеккызы встретилась со студентами национального проекта «Серпін».***

На данной встрече присутствовали директор Областного молодежного ресурсного центра А. Есимбекова, директор Департамента по социальным вопросам и молодежной политике М. Карибаев и студенты 1 курса, поступившие по программе «Серпін».

Арайлым Керимбеккызы сказала, что Семей является городом молодежи, поэтому большая часть областных мероприятии проходят именно здесь. Уверена, что через некоторое время я увижу вас в рядах активной молодежи, - отметила директор областного центра.

В ходе встречи А.Есимбекова напомнила, что созданы все необходимые условия для активного участия серпиновцев в общественно-политической жизни нашего города.

Напомним, государственная программа «Серпін- 2050» принята для придания нового импульса для развития регионов. Подобные встречи со студентами государственной программы «Серпін-2050» будут продолжаться и в дальнейшем.

***Департамент по социальным вопросам и молодежной политики***

# «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕТІСТІГІ» ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы шеңберінде мерекелік іс-шараларды өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары негізінде Жаратылыстану-математика факультетінің «Физика-математика ғылымдары және информатика» кафедрасының профессоры Берикханова Гүлназ Еженханқызы «Тәуелсіздік жетістігі» атты тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағат барысында жас ұрпаққа Тәуелсіз еліміздің 30 жылдағы жетістіктерімен және сол жетістіктер еліміз үшін қандай жолмен келгенін ұлғатты ұстазымыз студенттерге өмірлік тәжірибесімен жеткізе білді.

Сонымен қатар Жаратылыстану-матеметика факультетінен түлеп ұшқан түлектердің әлемнің алпауыт елдеріне барып өз білімдерімен талай топ жарғандарын мақтанышпен айтты.

Тәуелсіз еліміздің жас ұрпақтары ата- бабалары аңсаған, армандаған Егемендіктің туын жықпай, алар асулары, жетістіктері көп болсын деген тілек білдірді.

Аталмыш шара білім алушыларымызға үлкен рухани азық болды деп айта аламыз.

Еліміз аман! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

***Роллан ПИДАҰЛЫ
Жаратылыстану-математика факультетінің декан орынбасары***

# СТУДЕНТТІК СПОРТ



Күнделікті оқу жұмысы,жылына екі рет келетін емтихан сессиясы, оқу, өндірістік практикалар-бұның барлығы студенттерден тек оқуға деген ынтаны ғана емес, сонымен бірге мықты денсаулықты және жақсы психо-физикалық дайындықты талап етеді. Арнайы бақылаулар емтихан сессиясы кезінде студенттердің жүрек соғысы минутына 80-92 соғуға дейін көтерілуі тұрақты көрініс екенін көрсетеді. Ал, емтихан күні, емтихан өтіп жатқан аудиторияға кірер алдындағы жүректің жиырылу жиілігі минутына 144 соққыға дейін жетіп, қан қысымы көтеріледі, тыныс алу жиілеп, қан құрамының оттегімен қанығуы төмендейді. Осы деректерді алға тарта отырып, спортпен тұрақты түрде айналысатын студенттердің «қиын кезеңдерді» жеңіл өтетіндігін алға тартқым келеді.

Оқу және бос уақыт – бұл бөлінбес бір тұтас ұғым. Студенттердің бос уақытын зерттей отырып ол күніне 2-3 сағат құрайтынын көрсетеді. Әрине олардың тұрып жатқан жері, оқитын және демалатын орындары, бос уақытымен қоса олардың денсаулығы мен жұмыс қабілетіне тікелей әсер ететіні сөзсіз. Студенттердің көбі «дене шынықтыру» сабағын белсенді демалыс, күнделікті аудиториялық оқу еңбегінен демалыс ретінде қабылдайды. Студенттің мұндай сабақтарға қызығушылығының жоғары болуы оларға бұл сабақтардан жақсы психофизикалық әсер алуына көмектеседі.

Бос уақыт кезіндегі спорт – бұл студенттер дене тәрбиесінің бөлінбес құрамы. Университетімізде студенттер дене шынықтыру сабақтарынан бөлек, спорт секцияларында да спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Шәкәрім университеті студенттік спортының тарихы өте бай екендігі бәрімізге мәлім. Университет қабырғасында білім ала отырып, жоғары спорт шеберлігімен айналысып үлкен жетістіктерге жеткен спортшыларымыз да өте көп. Мәскеу олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, әйгілі балуандарымыз Айбек Нұғымаров, Мұхит Тұрсынов, Нұрсұлтан Тұрсынов, футболшы Самат Смаков, кикбокстан әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Бауыржан Құдайбергенов, биатлоншы Галина Вишневская және басқа да мықты спортшыларымыздың біздің университет қабырғасында білім алғанын мақтанышпен айтуға болады. Осы спортшылардың даңқты жолымен іздерін басып бүгінгі күні спортта үлкен жетістіктерге жетіп жүрген спортшы-студенттеріміз де аз емес. Әлем, Азия чемпионатының чемпиондары мен жүлдегерлері А.Қайырбеков, Е.Жакпеков, Е.Имаханов, Р.Нысантайқызы т.б. жүлдегерлеріміз жетерлік.

Жоғарыда аталып өткен спортшыларымыздың үлкен жетістіктерге жетуіне университет басшылығы мен ұстаздарының үлкен үлесі бар екенін атап өткен жөн. Алдағы уақытта да студенттеріміз «Мен Шәкәрімдікпін» деген ұранмен үлкен жетістіктерге жетіп, университетімізден көптеген олимпиада, әлем чемпиондарының шығатынына кәміл сенімдімін!

***Дулат СОВЕТХАНҰЛЫ***
***Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі***

# УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШТАРЫ



***Шәкәрім студенті Қазан қаласындағы І-ші ТМД елдері жастар ойынында қола жүлдені иеленді.***

Самбо күресінен «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының студенті Есентай Имаханов 64 кг салмақта қола жүлдеге ие болды.

Дәстүрлі сайыста жеңіс тұғырынан көрінген спортшының бапкері аға жаттықтырушы Биржан Имахановты шәкіртінің жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

***Шәкәрім университетінің студенті Орал қаласында өткен Қазақстан кубогының жеңімпазы атанды. Панкриатион спорт түрінен ересектер арасында 84 кг салмақ дәрежесінде Жумашев Мағжан күміс жүлдеге ие болды.***



Аталмыш додаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 300-ден астам спортшы қатысып, бақ сынады. Финалдық сайыс Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің спорт залында өтті.

«Панкратион – бұл қайта шыға бастаған спорт түрі. Ол еркін, грек-римдік күрес, самбо, дзюдо, бокс және басқа да жекпе-жектің техникалық қимылдарын қолдануға рұқсат етілетін, ММА аралас жауынгерлік жекпе-жектің түп-тамыры болып саналады»,- деді аға жаттықтырушы А.Жумабеков.

**ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН СПОРТ САҢЛАҚТАРЫН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

***Шәкәрім университетінің Медиа орталығы***
***Shakarim University Media Centre***

**Құрылтайшысы:** «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ



Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

**Редактор**
**Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ**

**Дизайнер**
**Серікбол Мырзабеков**

**Фотограф**
**Мақсат Жарқынұлы**

semgu_2020@bk.ru
www.shakarim.edu.kz
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ баспаханасында басылып шығарылды. Таралымы 500 дана

**Редакцияның мекен-жайы:**
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а